ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ОРТАДАН ТЕПКІШ ӨРТ СӨНДІРУ СОРҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Техника пожарная

НАСОСЫ ЦЕНТРОБЕЖНЫЕ ПОЖАРНЫЕ

Общие технические условия

ҚР СТ 2803–2015

(ГОСТ Р 52283–2004 «Ортадан тепкіш өрт сөндіру сорғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ОРТАДАН ТЕПКІШ ӨРТ СӨНДІРУ СОРҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

ҚР СТ 2803–2015

(ГОСТ Р 52283–2004 «Ортадан тепкіш өрт сөндіру сорғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері, MOD)

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитетінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы **ӘЗІРЛЕП**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2015 жылғы «18» желтоқсандағы № 261-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарт Ресей Федерациясының ГОСТ Р 52283–2004 «Ортадан тепкіш өрт сөндіру сорғылары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» ұлттық стандартына қатысты қосымша ережелер енгізу жолымен модификацияланды, оларға «Кіріспе» құрылымдық элементінде және стандарт мәтіні бойынша түсіндірмелер курсивпен берілді.

ГОСТ Р 52283–2004 Ресей Федерациясы Азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлар және дүлей зілзалалардың зардаптарын жою министрлігінің «Бүкілресейлік өртке қарсы қорғаныс ғылыми-зерттеу институты» федералдық мемлекеттік мекемесі әзірлеген.

Негізінде осы стандарт әзірленген ГОСТ Р 52283–2004 ресми даналары, сондай-ақ онда сілтеме жасалған мемлекетаралық стандарттар Нормативтік техникалық құжаттардың бірегей мемлекеттік қорында бар.

«Нормативтік сілтемелер» аталатын 2-бөлімде нормативтік құжаттарға жасалған сілтемелер актуалдандырылған.

ГОСТ Р 52283–2004 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру Е қосымшасында келтірілді. ГОСТ Р 52283–2004 құрылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық стандартын құру, баяндау, рәсімдеу және мазмұндау ерекшеліктеріне байланысты өзгертілді.

Сәйкестік дәрежесі – түрлендірілген (MOD)

4 Осы стандартта Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II «Техникалық реттеу туралы», 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V «Азаматтық қорғаныс туралы» заңдарының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 ақпандағы № 90 «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентін бекіту туралы», 2008 жылғы 21 наурыздағы № 277 «Буып-түюге, таңбалауға, затбелгі жапсыруға және оларды дұрыс түсіруге қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы», 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулыларының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2020 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілген өзгерістер туралы ақпарат жыл сайын шығатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» көрсеткішінде, ал өзгерістер мен түзетулердің мәтіні – ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жарияланады. Осы стандарт қайта қаралған (алмастырылған) немесе күшін жойған жағдайда тиісті ақпарат ай сайын шығатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланатын болады.

Осы стандартты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз толық немесе ішінара көшіріп басуға, көбейтуге және ресми басылым ретінде таратуға болмайды.

Мазмұны

	Кіріспе	V
1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтеме	1
3	Терминдер мен анықтамалар	3
4	Жіктелуі	4
5	Жалы техникалық талаптар	4
6	Қауіпсіздік талаптары	12
7	Қоршаған ортаны қорғау талаптары	13
8	Қабылдау ережелері	13
9	Сынау әдістері	14
10	Тасымалдау және сақтау	23
11	Пайдалану жөніндегі нұсқау	23
12	Дайындаушының кепілдігі	23
	А қосымшасы (*ақпараттық*). Сорапты құрылымдық белгілеу	24
	Б қосымшасы (*міндетті*). Сораптарды қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы	25
	В қосымшасы (*міндетті*). Сораптың параметрлерін анықтау сынақтарын жүргізуге арналған схема	27
	Г қосымшасы (*ақпараттық*). Сораптарды сенімділікке сынау режимдері	29
	Е қосымшасы (*ақпараттық*). ГОСТ Р 52283–2004 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру	30
	Библиография	33

Кіріспе

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 16 «Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентін бекіту туралы» қаулысының 35-тармағында белгіленген талаптарды орындау мақсатында әзірленді және техникалық регламентке дәлелді база болып табылады.

Осы стандартқа енгізілген Ресей Федерациясының ГОСТ Р 52283–2004 ұлттық стандартына қатысты негізгі өзгертулер төменде санамаланды:

а) ҚР СТ 1.5–2013 талаптарына сәйкес осы стандарттың атауы «Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері» бөлігінде «Жалпы техникалық шарттар» деп өзгертілді.

б) «Дайындаушының кепілдігі» 12-бөлімі енгізілді;

в) мынадай кіші бөлімдер енгізілді:

- 9.1 «Сынақ шарттары»;
- 9.2 «Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы»;

г) мынадай қосымша талаптар енгізілді:

- әсер етуші факторларға төзімділік (кіші бөлім 5.5);
- жиынтықтылығына (кіші бөлім 5.7);
- таңбалауға (кіші бөлім 5.8);
- орауға (кіші бөлім 5.9);
- қауіпсіздікке (бөлім 6);
- қабылдау ережелеріне (бөлім 8);

д)анықтау бойынша сынақ әдістері енгізілді:

- лак-бояу жағындыларының сапасы (кіші бөлім 9.3.12);
- сораптың қызмет мерзімін (кіші бөлім 9.3.13);

е) мынадай Қосымшалар енгізілді:

- Б *(міндетті).* Сораптарды қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттық сынақтардан өткізу бағдарламасы;
- В *(міндетті).* Сораптың параметрлерін анықтау сынақтарын жүргізу схемасы;
- Е *(ақпараттық).* ГОСТ Р 52283–2004 құрылымын осы стандарттың құрылымымен салыстыру.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ОРТАДАН ТЕПКІШ ӨРТ СӨНДІРУ СОРҒЫЛАРЫ

Жалпы техникалық шарттар

Енгізілген күні 2017.01.01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт суды немесе температурасы 30 °С, сутек көрсеткіші 7 ден 10,5 pH дейін, тығыздығы 1100 кг/м^3 дейін және қатты бөлшектердің массалық шоғыры, олардың максималды өлшемдері 3 мм кезде 0,5 % дейін көбіктүзгіштердің өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді қамтамасыз ететін, өрт сөндіру машиналарының сорғының қондырғыларының құрамында агрегат ретінде қолданылатын ортадан тепкіш өрт сөндіру сорғыларына (бұдан әрі мәтін бойынша - сорғылар) таралады.

Осы стандарт өрт сөндіру машиналарының арнайы бөліктеріне орнатылған сорғыларға таралады, жұмыс істеу кезінде бөліктерде оң температура қамтамасыз етіледі.

Стандарттың ережелері өнімді әзірлеу және өндіріске қою, өндіру, өнімді өткізу және жетілдіру кезінде қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін сілтеме жасалатын мынадай нормативтік құжаттар қажет:

ҚР СТ 2.4–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі.Өлшеу құралдарын салыстырып тексеру. Ұйымдастыру және жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.21–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жүргізу және өлшеу құралдарының типін бекіту тәртібі.

ҚР СТ 2.30–2007 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшеу құралдарына метрологиялық аттестаттау жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 2.75–2009 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Сынақ жабдығын аттестаттау тәртібі.

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026–2002 Сигналдық түстер, қауіпсіздік белгілері және сигналдық таңбалар. Жалпы техникалық талаптар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1174–2003 Объектілерді қорғауға арналған өрт сөндіру техникасы. Негізгі түрлері, орналастыру және қызмет көрсету.

ҚР СТ 1609–2014 Өрт сөндіруге арналған көбіктүзгіштер. Жалпы техникалық шарттар.

ҚР СТ 1711–2007 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру жабдығы. Жалғастырғыш өрт сндіру бастиектері. Өрт қауіпсіздігінің техникалық талаптары. Сынау әдістері.

ҚР СТ 1718–2007 Өрт сөндіру техникасы. Өрт сөндіру жабдығы. Қолмен өрт сөндіру оқпандары. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

Ресми басылым

ГОСТ 2.601–2013 Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Пайдалану құжаттары.

ГОСТ 9.014–78 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Бұйымдарды жемірілуге қарсы уақытша қорғау. Жалпы талаптар.

ГОСТ 9.032–74 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Топтары, техникалық талаптар және белгілеулер.

ГОСТ 9.104–79 *Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Пайдалану шарттарының топтары.*

ГОСТ 9.302–88 Жемірілуден және ескіруден сақтаудың бірегей жүйесі. Металл және металл емес бейорганикалық жабындар. Тексеру әдістері

ГОСТ 9.402–2004 Жемірілуден және ескіруден қорғаудың бірегей жүйесі. Лак-бояу жағындылары. Металл беттерді бояуға дайындау.

ГОСТ 12.0.004–90 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қауіпсіздігіне оқытуды ұйымдастыру.Жалпы ережелер.

ГОСТ 12.0.230–2007 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Еңбек қорғауды басқару жүйесі. Жалпы талаптар.

ГОСТ 12.2.003–91 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өндірістік жабдық. Жалпы қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.2.033-78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Жұмысты тұрып орындаған кездегі жұмыс орны. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 12.2.037–78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт сөндіру техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 26.020–80 Өлшеу құралдарына және автоматтандыруға арналған шрифтер. Сызбалары мен негізгі өлшемдері.

ГОСТ 166–89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427–75 Өлшегіш метал сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 493–79 Қалайысыз құйма қола. Таңбалар.

ГОСТ 613–79 Қалайылы құйма қола. Таңбалар.

ГОСТ 977–88 Болат құймалар. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 1412–85 Құюға арналған жұқа қатпарлы графитті шойын. Таңбалар.

ГОСТ 1583–93 Құйылған алюминий қорытпалар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2405–88 *Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, арынөлшегіш, тарту күшін өлшегіш, тарту және арын күшін өлшегіш. Жалпы техникалық шарттар.*

ГОСТ 2874–82 Ауыз су. Гигиеналық талаптар және сапаны бақылау.

ГОСТ 2991–85 Салмағы 500 кг дейін жүктерге арналған тұтас тақтай жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 6134–2007 Динамикалық сорғылар. Сынау әдістері.

ГОСТ 9150 -2002 Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Пішін.

ГОСТ 9569–2006 Балауыздалған қағаз. Техникалық шарттар.

ГОСТ 10549–80 Бұранда шығымы. Сүйірлену, кем кесілу, жырылып кету, қиықжиек.

ГОСТ 12969–67 Машиналар мен аспаптарға арналған жазба тақташалары. Техникалық талаптар.

ГОСТ 12971-67 Машиналар мен аспаптарға арналған тікбұрышты жазба тақташалары. Өлшемдері.

ГОСТ 13646 -68 Дәл өлшеуге арналған шыны сынап термометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13837–79 Жалпы мақсаттағы динамометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 14192-96 Жүктерді таңбалау.

ГОСТ 15150–69 Машиналар, аспаптар және басқа техникалық құралдар. Әртүрлі ауа-райлық аудандар үшін орындаулар. Сыртқы ортаның ауа-райлық факторларының әсері бөлігінде санаттары, пайдалану шарттары, сақталуы және тасымалдануы.

ГОСТ 16093–2004 Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Жіберілім. Саңылаулап қондыру.

ГОСТ 16504–81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 17187–2010 Шуөлшегіштер. 1 Бөлім. Техникалық талаптар.

ГОСТ 17398–72 Сорғылар. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 18321-73 Сапаны статистикалық бақылау. Тексеру өнімін таңдауды кездейсоқ іріктеу әдісі.

ГОСТ 21752-76 «Адам- машина» жүйесі. Басқару маховиктері мен штурвалары. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 21753-76 «Адам- машина» жүйесі. Басқару тұтқышы. Жалпы эргономикалық талаптар.

ГОСТ 23170-78 Машина жасау бұйымдарына арналған орама. Жалпы талаптар.

ГОСТ 24634–81 Экспортқа шығарылатын өнімдерге арналған ағаш жәшіктер. Жалпы техникалық шарттар.

ГОСТ 24705–2004 Өзара алмасушылықтың негізгі нормалары. Метрикалық бұранда. Негізгі өлшемдер.

ГОСТ 28723-90 Жедел, электромагнитті және аса жедел шығынөлшегіштер Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

Ескертпе – Осы стандартты пайдалану кезінде сілтеме жасалған стандарттардың қолданыста екендігін жыл сайын басылып шығатын «Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінен ағымдағы жыл жағдайына және сәйкесінше ай сайын басылып шығатын ағымдағы жылы жарияланған ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексерген орынды. Егер сілтеме жасалып отырған құжат алмастырылған (өзгертілген) болса, онда осы стандартты пайдалану кезінде алмастырылған (өзгертілген) құжатты пайдалану керек. Егер сілтеме жасалған құжат алмастырусыз күшін жойған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ГОСТ 16504, ГОСТ 17398, [4], белгіленген терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Геометриялық сору биіктігі, $h_г$:** сорғының бірінші бөлігінің жұмысшы дөңгелегінің айналу осі мен сору желісі жағынан су деңгейінің аралығы.

3.2 **Сорғының номиналдық режимдегі қуаттылығы, $N_{ном}$**: Айналу жиілігінің $n_{ном}$, берудің $Q_{ном}$ және геометриялық сору биіктігінің $h_{г.ном}$ номиналды мәндері кезіндегі сорғының қуаттылығы.

3.3 **Қалыпты қысымды сорғы:** Шығатын жердегі қысым 2,0 дан 5,0 МПа дейін кезде су мен көбіктүзгіштің өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді қамтамасыз ететін көпсатылы сорғы.

3.4 **Жоғары қысымды сорғы:** Шығатын жердегі қысым 2,0 МПа дейін кезде су мен көбіктүзгіштің өрт сөндіргіш ерітінділерін беруді қамтамасыз ететін бір-немесе көпсатылы сорғы.

3.5 **Құрама сорғы:** Ортақ жетекті, қалыпты және жоғары қысымды, бірінен кейін бірі жалғасқан сорғылардан құралған сорғы.

3.6 **Жетек айналысын бағыттау:** Оң – жетек жағынан сағат тілінің бағытымен айналдыру, теріс – жетек жағынан сағат тілі бағытына қарсы айналдыру.

3.7 **Номиналды геометриялық сору биіктігі,** $h_{г\ ном}$: сорғының бірінші бөлігінің жұмысшы дөңгелегінің айналу осі мен сору желісі жағынан су деңгейінің аралығында белгіленген қашықтық, ол сорғының номиналды жұмыс режимін айқындайды, $Q_{ном}$.

3.8 **Сорғының номиналды арыны**, $H_{ном}$**:** номиналды беру $Q_{ном}$, номиналды геометриялық сору биіктігі $h_{г\ ном}$ және сорғының жұмысшы дөңгелегінің номиналды айналу жиілігі $n_{ном}$ кезіндегі сорғы арыны.

3.9 **Сорғының номиналды су беруі**, $Q_{ном}$**:** номиналды арын $H_{ном}$, номиналды геометриялық сору биіктігі $h_{г\ ном}$ және сорғының жұмысшы дөңгелегінің номиналды айналу жиілігі $n_{ном}$кезіндегі сорғының су беруі,

3.10 **Сорғының номиналды режимі:** белгіленген номиналды айналу жиілігі мен номиналды геометриялық сору биіктігі кезінде сорғының тағайындалған техникалық көрсеткіштерді: номиналды су беруді және номиналды арынды қамтамасыз ететін жұмыс режимі.

3.11 **Номиналды айналу жиілігі,** $n_{ном}$**:** (сорғының жетек білікының) жұмысшы дөңгелегінің сорғының номиналды жұмыс режимін айқындайтын белгіленген мәні.

3.12 **Су толтыру жүйесі:** геометриялық сору биіктігімен жұмыс істеу кезінде сору желісінің және сорғының сумен толуын қамтамасыз ететін құрылғы.

3.13 **Көбіктүзгішті беру және мөлшерлеу жүйесі:** көбіктізгіштің сорғыға түсуін және мөлшерленуін қамтамасыз ететін құрылғы.

4 Жіктелуі

Сорғылардың жіктелуі [4] талаптарына сәйкес.

5 Жалпы техникалық талаптар

5.1 Мақсаттылығына қойылатын талаптар

5.1.1 Сорғылар осы стандарттың ГОСТ 17398, [4], стандарттау жөніндегі басқа нормативтік құжаттардың және нақты типтегі сорғыларға арналған нормативтік техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.1.2 Сорғылардың мақсаттылығы көрсеткіштерінің параметрлері 1-кестеде белгіленген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

Кесте 1 – Қалыпты және жоғары қысымдағы сорғылар мақсаттылығының көрсеткіштері

Параметрінің атауы	Сорғы параметрінің мәні, типі						
	Қалыпты қысымды				Жоғары қысымды		
	20/100	40/100	70/100	100/100	20/200	4/400	2/400
1Сорғының номиналды беруі, $Q_{ном}$, л/с	20	40	70	100	20	4	2
2 Сорғының номиналды режимдегі арыны , $H_{ном,}$ м, кем емес	100				200	400	
3 Номиналды режимде $N_{ном}$, сорғы тұтынатын қуат, кВт, артық емес	40	79	138	197	79	48	24
4 Номиналды режимдегі пайдалы әркеттің коэффициенті, η, (%), кем емес	0,6				0,4		
5 Рұқсат етілетін кавитациялық қор, Δh, м, артық емес	3,5				5,0		

1-кестесінің соңы

Параметрінің атауы	Сорғы параметрінің мәні, типі						
	Қалыпты қысымды				Жоғары қысымды		
	20/100	40/100	70/100	100/100	20/200	4/400	2/400
6 Сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{1\,max}$, МПа	0,6						
7 Сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{2\,max}$, МПа	1,5		3,0			5,0	
8 Максималды геометриялық сору биіктігі, $h_{г\,max}$, м, кем емес	7,5					5,0	
9 Максималды геометриялық сору биіктігінен сору уақыты, $t_{вс}$, с, артық емес	40		60			40	
10 Максималды геометриялық сору биіктігі мен номиналды сору арыны кезінде беру, л/с, кем емес	10	20	35	50	10	2	1
11 Сорғыш келте құбырлардың саны және шартты диаметрі, мм:	1×125	1×125	2×125; 1×150	2×125; 1×200	1×125	1×80	1×80
12 Арынды келте құбырлардың саны және шартты диаметрі, мм:	2×50; 2×70	2×70; 2×80	2×80	2×100	2×50; 2×70	2×20	1×20

Ескертпе

1 Номиналды режимдегі арын номиналды геометриялық сору биіктігі кезінде қамтамасыз етілуі тиіс:

а) (3,5 ± 0,1) м – қалыпты қысымды өрт сөндіру сорғылары үшін, типі 20/100, 40/100, 70/100, 100/100 , сондай-ақ жоғары қысымды - типі 20/200;

б) (1,5 ± 0,1) м – жоғары қысымды өрт сөндіргіш сорғылар үшін, типі 4/400 және 2/400;

2 Максималды геометриялық сору биіктігінен сору уақыты қондырылған су толтыру жүйесімен жабдықталған сорғылар үшін белгіленеді.

3 Сорғының беруі максималды геометриялық сору биіктігінен жұмыс істеу кезінде номиналды арынмен қамтамасыз етілуі тиіс.

4 Тапсырыс берушінің келісімі бойынша сорғының коллекторындағы арынды келте құбырлардың санын және диаметрін өзгертуге жол беріледі.

5.1.3 Құрама сорғылардың мақсаттылығы көрсеткіштерінің параметрлері 2-кестеде белгіленген мәндерге сәйкес келуі тиіс.

2-кесте. Құрама сорғылар мақсаттылығының көрсеткіштері

Параметрінің атауы	Сорғы параметрлерінің мәні, типтері	
	20/100–2/400	40/100–4/400
1 Номиналды беру, $Q_{ном}$, л/с, сорғының: - қалыпты қысымды - жоғары қысымды - бөлек жұмыс істеуі кезінде	20 2	40 4
2 Номиналды беру, л/с, сорғының: - қалыпты қысымды - жоғары қысымды -бірге жұмыс істеуі кезінде	7,5 2	15,0 2

2-кестесінің соңы

Параметрінің атауы	Сорғы параметрлерінің мәні, типтері	
	20/100–2/400	40/100–4/400
3 Номиналды режимдегі арын $H_{ном}$, м, кем емес, сорғының: - қалыпты қысымды - жоғары қысымды-бөлек және бірге жұмыс істеуі кезінде	100 400	100 400
4 Номиналды режимде $N_{ном}$, сорғы тұтынатын қуат, кВт, артық емес, сорғының: - қалыпты қысымды - жоғары қысымды - бөлек жұмыс істеуі кезінде	40 32	79 63
5 Номиналды режимде $N_{ном}$, сорғы тұтынатын қуат, кВт, артық емес, сорғының бірге жұмыс істеуі кезінде	53	79
6 Номиналды режимдегі пайдалы әрекет коэффициенті η, (%) кем емес, сорғының - қалыпты қысымды - жоғары қысымды- бөлек жұмыс істеуі кезінде	0,6 0,3	
7 Номиналды режимдегі пайдалы әрекет коэффициенті η, (%) кем емес, бірлескен жұмыс кезінде:	0,35	
8 Рұқсат етілетін кавитациялық қор запас Δh, м, артық емес	3,5	
9 Сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{1\,max}$, МПа	0,6	
10 Сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{2\,max}$, МПа, сорғының: - қалыпты қысымды - жоғары қысымды – жұмыс істеуі кезінде	1,5 5,0	
11 Максималды геометриялық сору биіктігі $h_{г\,max}$, м	7,5	
12 Максималды геометриялық сору биіктігінен сору уақыты $t_{вс}$, с, артық емес	40	
13 Максималды геометриялық сору биіктігінен жұмыс істеу кезінде қалыпты қысымды сорғының беруі Q, л/с,	10	20

Ескертпе

1 Номиналды режимдегі арын номиналды геометриялық сору биіктігі (3,5 ± 0,1) м кезінде қамтамасыз етілуі тиіс.

2 Сорғының беруі максималды геометриялық сору биіктігінен жұмыс істеу кезінде номиналды арынмен қамтамасыз етілуі тиіс.

3 Тапсырыс берушінің келісімен сорғының коллекторындағы арынды келте құбырлардың саны мен диаметрін өзгертуге жол беріледі.

5.2 Құрылысына қойылатын талаптар

5.2.1 Құрылысы жағынан сорғы:

а) ортадан тепкіш сорғыдан;

б) арынды коллектордан;

в) бекіткіш-реттегіш шегеннен;

г) вакуумдық толтыру жүйесінен;

д) көбіктүзгішті беру және мөлшерлеу жүйесінен тұратын агрегат түрінде болуы тиіс.

5.2.2 Сорғының құрылысы дайындаушы ұсынатын тәсілдерді, құрал-саймандар мен керек-жарақтарды пайдаланып, оны бөлшектеу және жинау мүмкіндігін көздеуі тиіс.

5.2.3 Сорғының білігі қолмен немесе арнайы құрал-сайманның көмегімен еркін аналдырылуы тиіс.

5.2.4 Сорғының құрылысында оның қуыстарындағы суды төгуді қамтамасыз ететін құрылғы көзделуі тиіс.

5.2.5 Сорғының тұрқында біліктің тығыздағышы арқылы кеткен суды ағызуға арналған тесік көзделуі керек.

5.2.6 Сорғының сорғыш келте құбырында сүзгі орнатылуы тиіс, оның тесіктерінің (ұяшықтарының) өлшемі сорғының жұмысшы дөңгелегінің енінен кем болуы тиіс.

5.2.7 Сорғының құрылысында сұйықтықтың арынды желіден сорғының қуысына қайта ағуын болдырмайтын құрылғы көзделуі тиіс.

5.2.8 Жоғары қысымды сорғының құрылысында нөлдік беру кезінде оны салқындатуға арналған сұйықтықтың алмасуын (ағуын) қамтамасыз ететін құрылғы көзделуі тиіс.

5.2.9 Сорғының құрылысы *ҚР СТ 1711* бойынша сорғыш және арынды келте құбырларды жалғастырғыш бастиектермен жалғастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.10 Сорғы сумен толтырудың қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын вакуумдық немесе басқа типтегі жүйесімен жабдықталуы тиіс.

5.2.11 Автоматты түрде басқарылатын вакуумдық жүйе сорғының арынды қуысында артық қысым болмағанда (жоғалғанда) автоматты түрде қосылуы және су беру кезінде арын үзілісін болдырмайтын қысым кезінде автоматты түрде ажырауы тиіс.

5.2.12 Сорғы қолмен немесе автоматты түрде басқарылатын көбіктүзгіштерді мөлшерлеу жүйесімен жарақтандырылуы тиіс.

5.2.13 Көбіктүзгішті мөлшерлеу жүйесі оны беруді су ерітіндісіндегі мөлшері (3 ± 0,6) % және (6 ± 1,2) % қоюлықпен сорғының беруі мен қысымы сәйкес кезінде қамтамасыз етуі тиіс.

Ескертпе – Тапсырыс берушінің келісімі бойынша сорғыларды көбіктүзгіш ерітіндісі қоюлығының басқа деңгейін қамтамасыз ететін көбіктүзгішті мөлшерлеу жүйесімен жарақтандыруға жол беріледі.

5.2.14 Сорғының құрылысында *ҚР СТ 1609* бойынша сорғының беруі нөл жағдайында көбіктүзгіштің сорғыш желіге түсуін болдырмайтын құрылғы көздеу ұсынылады.

5.2.15 Сорғының пайдалану құжаттамасында белгіленген максималды геометриялық сору биіктігімен жұмыс істеуі кезінде автоматты түрде басқарылатын сорғыны толтыру жүйесі сорғыны онқайтара толтыруды сору желісіндегі су бағанын бірінен кейін бірін үзе отырып, соның ішінде көбіктүзгішті автоматты мөлшерлеу жүйесі жұмыс істеп тұрған кезде, қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.16 Сорғының құрылысы сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысымның әсері кезінде оның саңылаусыздығын және беріктігін қамтамасыз етуді көздеуі тиіс, бұл ретте сорғының роторы айналмауы тиіс.

5.2.17 Сорғының құрылысы сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысымның әсері кезінде оның саңылаусыздығын және беріктігін қамтамасыз етуді көздеуі тиіс, бұл ретте сорғының роторы айналуы тиіс.

5.2.18 Сорғы аумағында кемінде минус (0,080 ± 0,005) МПа «құрғақ» вакуум орнаған кезде сорғы саңылаусыздықты және беріктікті қамтамасыз етуі тиіс.

5.2.19 Сорғыға мынадай бақылау-өлшеу аспаптарын орнату ұсынылады:

а) сорғының сорғыш келте құбырындағы манометр (мановакуумметр);

б) сорғының арынды келте құбырындағы манометр (мановакуумметр);

в) тахометр.

Бақылау-өлшеу аспаптарының дәлдік тобы кемінде 2,5 болуы тиіс.

Тапсырыс берушінің келісімімен қосымша бақылау-өлшеу аспаптарын орнатуға жол беріледі.

5.3 Материалдарға, бөлшектер мен өнімдерге қойылатын талаптар

5.3.1 Сорғының бөлшектері мен жинақтаушы бірліктерінің өлшемдерінің дәлдігі мен дайындау технологиясы оларды өзара алмастырушылықты қамтамасыз етуі тиіс.

5.3.2 Материалдардың физика-химиялық қасиеттері, олардың беттерінің қаттылығы, кедір-бұдырлығы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарға, сондай-ақ олардан дайындалатын бөлшектердің арналуына және жұмыс жағдайына сәйкес келуі тиіс.

5.3.3 Сорғы бөлшектерінің құймасын дайындау үшін:

а) алюминий қорытпа, ГОСТ 1583 бойынша;

б) конструкциялық қоспалы және қоспасыз болат, ГОСТ 977 бойынша;

в) қоспасы жоғары арнайы сапалы болат, ГОСТ 977 бойынша;

г) қола, ГОСТ 613және ГОСТ 493 бойынша;

д) сұр шойын, ГОСТ 1412 бойынша - қолданылады.

Ескертпе – Материалдар мен жинаушы өнімдерді сорғылардың сапасы мен сенімділігін төмендетпейтін және оларға қойылатын талаптарға жауап беретін басқа маркалы материалдармен және басқа жинақтаушы өнімдермен алмастыруға жол беріледі.

5.3.4 Термикалық өңделген бөлшектерде олардың сапасын төмендететін күю іздері, теңбіл қатқылдар, сызат, қабыршықтану және басқа да ақаулар болмауы тиіс.

5.3.5 Құймалар шабылған және тазартылған, құю массасының қалдықтары мен қақтан тазартылуы тиіс.

Құйылған бөлшектердің беттері таза және тегіс, бөлшектердің беріктігі мен саңылаусыздығын немесе сыртқы түрін нашарлататын сызатсыз, қаяусыз, бөгде қоспасыз және басқа ақаусыз болуы тиіс.

5.3.6 Сорғы бөлшектерінің су ағатын қуыстарының өңделмеген беттері таза болуы: лықсу, шор және басқа да кедір-бұдырлар жойылуы тиіс.

Бөлшек беттерінде қаяу, күрт өтпелер, лықсу, кертпеш және басқа да ақаулардың болуына жол берілмейді.

5.3.7 Метрикалық бұранда ГОСТ 9150 және ГОСТ 24705 талаптарына сәйкес келуі тиіс, ГОСТ 16093 бойынша шақталған жиектері:

а) ішкі метрикалық бұранда үшін – 7*H*;

б) сыртқы метрикалық бұранда үшін– 8*g*.

Бұранда шығымы. Сүйірлену, кем кесілу, жырылып кету, қиықжиек ГОСТ 10549 бойынша.

Бұранданың бетінде тереңдігі бұранданың орташа диаметрінің шегінен шығатын және ұзындығы бойынша жалпы ұзақтығы орам ұзындығының жартысынан асатын кедір-бұдырдың болуына жол берілмейді. Бұрандар мен бұрамасұқпалардың ұштары сомыннан кемінде бұранданың бір және алтыдан аспайтын адымына шығып тұруы тиіс.

Барлық бұран, бұрамасұқпа мен сомындар қиғашталмай, жанасып тұратын бөлшектерді бүлдермейтіндей бұралуы тиіс.

5.3.8 Біліктің қозғалып тұратын тығыздағыштар орналасқан учаскесінің ескіруге беріктік қасиеті жоғары болуы тиіс.

5.3.9 Сорғының бөлшектерінде жемірілу, жапырылу, майысу, жарылу және басқа механикалық бүлінулер болмауы тиіс.

Бөлшектердің бұрыштары мен жиектері өткір болмауы тиіс.

5.3.10 Жекелеген жинақтаушы тораптар мен бөлшектерді бекіту сорғыны пайдалану және тасымалдау кезінде олардың өздігінен босап және кері бұралып кетуін болдырмауы тиіс.

5.4 Эргономика талаптары

5.4.1 Сорғының жұмысын басқару органдары ГОСТ 12.2.033 талаптарын ескеріп оператордың қолы жетерлік аймақ шегінде орналастырылуы тиіс.

5.4.2 Номиналдық режимдегі жұмыс кезінде сорғы шығаратын дыбыстың деңгейі 85 дБА артпауы тиіс.

Ескертпе – Вакуумдық жүйенің жұмыс істеуі кезінде дыбыс деңгейінің қысқа уақытқа артуына жол беріледі.

5.4.3 Мотопомпаның жұмысын басқару органдарындағы күш ГОСТ 21752 және ГОСТ 21753 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.5 Әсер етуші факторларға төзімділік талаптары

5.5.1 Сорғылар ГОСТ 15150 талаптарына ауа-райлық әсерлерге төзімділік бойынша орындау санаттары бөлігінде сәйкес келуі және У немесе УХЛ ауа-райлық орындауда дайындалуы тиіс, ГОСТ 15150 бойынша орналасу санаты 1.1.

5.5.2 *Сорғылар жемірілуге төзімді болуы тиіс.*

Сорғының айдалатын сұйықтықпен жанасатын болат беттері жемірілуге төзімді берік болаттан жасалуы немесе қорғаныш қабатты болуы тиіс.

Сорғының бекіткіш болат бөлшектері қорғаныш қабатты болуы тиіс.

Сорғының жемірілуге төзімді материалдан дайындалған сыртқы беті ГОСТ 9.032 бойынша пайдалану шарттарын қанағаттандыратын лак-бояу жағындыларымен боялуы тиіс.

Лак-бояу жағындылары мен бояу материалдары және қорғаныш жағындылар *ҚР СТ 1609* бойынша сорғыда қолданылатын көбіктүзгіштерге, сондай-ақ іштен жанатын қозғалтқыштардың отынына және оларды майлайтын материалдарға төзімді болуы тиіс.

Металл беттерді бояу алдында дайындау ГОСТ 9.402 талаптарына сәйкес жүргізілуі тиіс.

Лак-бояу жағындылары өзінің қасиеттерін нақты типтегі сорғыға берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген пайдалану мерзімі бойына сақтауы тиіс.

5.6 Сенімділік талаптары

5.6.1 Сорғының қызмет мерзімі 10 жылдан кем болмауы тиіс.

5.6.2 Сорғының сенімділік көрсеткіштері мына мәндерге сәйкес келуі тиіс:

а) гамма-пайыздық (γ = 80 %) атқарылым, шегіне жеткенше:

- сорғының – кемінде 200 сағ.;
- көбіктізгішті беру және мөлшерлеу жүйесінің – кемінде 50 сағ;
- вакууммен толтыру жүйесінің – кемінде 300 цикл қосу;

б) гамма-пайыздық (γ = 80 %) ресурс, алғашқы күрделі жөндеуге дейін:

- сорғының – кемінде 1500 сағ;
- көбіктізгішті беру және мөлшерлеу жүйесінің – кемінде 300 сағ;

- вакууммен толтыру жүйесінің – кемінде 1000 цикл қосу.

5.6.3 Сорғының құрылысы оның қалыпты режимдегі үзіліссіз жұмысын кемінде :

а) қалыпты қысымды сорғы үшін - 6 сағ;

б) жоғары қысымды сорғы үшін -2 сағ қамтамасыз етуі тиіс.

5.7 Жиынтықтылығы

5.7.1 Жеткізілімнің жинағына:

а) сорғы пен керек-жарақтар құжатына сәйкес көзделген қосалқы бөлшектер;

б) ГОСТ 2.601 талаптарына сәйкес рәсімделген пайдалану құжаттары

- нақты типтегі сорғыға берілген паспорт;
- техникалық сипаттау;
- пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулық;
- құрастыру, іске қосу, реттеу және жаттықтыру жөніндегі нұсқаулық.

Жекелеген пайдалану құжаттарын бір құжатқа біріктіруге жол беріледі.

5.7.2 Пайдалану құжаттамасында сорғының мынадай параметрлері және олардың мәндері көрсетілуі тиіс:

а) сорғының номиналды беруі, $Q_{ном}$ л/мин;

б) сорғының номиналды арыны, $H_{ном}$, м;

в) номиналды геометриялық сору биіктігі $h_{г\ ном}$, , м;

г) максималды геометриялық сору биіктігі, , $h_{г\ max}$, м;

д) максималды геометриялық сору биіктігі кезіндегі арын; *H, м;*

е) максималды геометриялық сору биіктігінен сору (толтыру) уақыты, $t_{вс}$ с;

ж) максималды геометриялық сору биіктігі кезіндегі беру, Q,л/с;

и) сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{1\ max}$, МПа;

к) сорғыдан шығатын жердегі максималды жұмысшы қысым, $P_{2\ max}$, МПа;

л) сорғыш және арынды келте құбырлардың саны мен шартты диаметрі, мм;

м) номиналды айналу жиілігі, $n_{ном}$, айн/мин;

н) *сорғының номиналды режимде тұтынатын қуаты,* $N_{ном}$, *кВт.*

п) *пайдалы әркет коэффициенті,* η, %;

р) *рұқсат етілетін кавитациялық қор,* Δh, м;

с) вакууммен толтыру жүйесінің типі;

т) көбіктізгішті беру және мөлшерлеу жүйесінің типі;

у) белгіленген беру және қысым мәндері кезінде сорғыдан шығатын жердегі көбіктүзгіштің қоюлығы деңгейін мөлшерлеу диапазоны, %;

ф) сорғының габариттік өлшемдері, мм;

х) сорғының салмағы, кг.

Ескертпе – Қажет болған жағдайда мақсаттылық көрсеткіштерінің номенклатурасына 5.7.2. көрсетілмеген параметрлер мен олардың мәндері енгізілуі мүмкін.

5.7.3 Пайдалану құжаттамасында сорғының құрылымдық белгіленуі көрсетілуі тиіс.

Ескертпе – Сорғыны құрылымдық белгілеу А қосымшасында берілді.

5.7.4 *Пайдалану құжаттамасы мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуы тиіс.*

5.8 Таңбалау

5.8.1 *Сорғы* [2] *талаптарына сәйкес таңбалануы тиіс.*

5.8.2 Дайындаушының ГОСТ 12969 және ГОСТ 12971 бойынша дайындалған мынадай ақпаратты құрайтын тақташасы көрнекті жерге ілінуі тиіс:

а) дайындаушының атауы, мекенжайы және тауарлық белгісі;

б) 5.7.3 бойынша құрылымдық белгілеулер;

в) сорғының номиналдық режимдегі қуаттылығы, кВт;

г) жетекті біліктің номиналды айналу жиілігі, об/мин;

д)дайындаушының жүйесі бойынша зауыттық нөмірі;

е) дайындалған жылы;

5.8.3 Тақташаларды таңбалау, басқару органдары мен элементтерінің, бақылау-өлшеу аспаптарының белгілеулерін салу сорғының қызмет мерзімі бойына жазбалардың анықтығын және сақталуын қамтамасыз ететін әдіспен орындалуы тиіс.

Таңба салу үшін пайдаланылатын шрифтер мен белгілер ГОСТ 26.020 талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5.8.4 Сорғы тұрқының бетінде сорғы жетегі білігінің айналу бағыты стрелкамен көрсетілуі тиіс.

5.8.5 Қосалқы бөліктер мен бөлшектер тораптар мен бөлшектерде сызба белгілерімен таңбаланады. Қосалқы бөліктерді таңбалауды оларға бекітілген биркаларда орындауға жол беріледі.

5.9 Орау

5.9.1 Орау алдында сорғы мен оның қосалқы бөлшектері тазалануы, қажет болса, бақылау-өлшеу аспаптары шешілуі тиіс. Сорғының ішкі қуыстары кептірілуі тиіс.

5.9.2 *Сорғы*, оның қосалқы бөлшектері, керек-жарақтары және арнайы құрал-сайманы ГОСТ 9.014 талаптарына сәйкес консервациялануы тиіс, қорғаныш нұсқасы «ВЗ-1», «ВЗ-2», бұл ретте консервация мерзімі үш жылдан кем болмауы тиіс.

5.9.3 Консервацияланғаннан кейін сорғының барлық тесіктері, сондай-ақ сорғыш және арынды келте құбырлар тығындармен немесе бекіткіштермен жабылуы тиіс.

5.9.4 Тасымалдау кезінде ауа-райлық факторлардың әсерінен, механикалық зақымдалудан және ластанудан қорғау үшін сорғы *ГОСТ 2991* бойынша орау қағазымен оралуы және ГОСТ 2991 немесе ГОСТ 24634 талаптарына сәйкес тасымалдау және сақтау кезінде бүтіндігін қамтамасыз ететін жәшікке салынуы тиіс.

5.9.5 Орау ГОСТ 23170, [1] талаптарына сәйкес болуы және сорғыны тиеу, тасымалдау мен түсіру кезінде оның жәшікте (ыдыста) жылжып кетуін болдырмайтындай етіп орындалуы тиіс.

5.9.6 *Тасымалдау ыдысының түрі және таңбалануы дайындаушы мен тұтынушының арасындағы келісім бойынша айқындалады.*

5.9.7 Ыдысқа немесе орамға ГОСТ 14192 талаптарына сәйкес көліктік таңба салынады.

5.9.8 *Тасымалдау және сақтау кезінде дұрыс әрекет істеу үшін әрбір ыдысқа немесе орамға* ГОСТ 14192 *бойынша «Сынады. Абайлаңыз», «Жоғары» және «Күн сәулесінен қорғалсын» деген манипуляциялық белгілер салынуы тиіс.*

5.9.9 Пайдалану құжаттамасы, сондай-ақ қосалқы бөлшектер мен құрал-саймандар ылғал өткізбейтін пакетке салынуы, пакет жәшікке орналастырылуы тиіс.

Егер сорғы және оған қоса жеткізілетін жинақтаушы өнімдер бірнеше жәшікке салынатын болса, онда пайдалану құжаттамасы салынған пакет орналастырылған жәшікке «Құжаттама осында» деген жазба жасалуы керек.

Пайдалану құжаттамасы салынған пакетке орам жәшіктерінің саны мен ішіндегісі көрсетілген орам қағазы салынуы тиіс.

6 Қауіпсіздік талаптары

6.1 *Сорғыларды пайдалану, техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу кезінде ҚР СТ 1174,* ГОСТ 12.2.003, ГОСТ 12.2.037, [4] *белгіленген қауіпсіздік талаптары, осы стандартта және стандарттау жөніндегі өзге нормативтік құжаттар мен нақты типтегі сорғыларға берілген нормативтік техникалық құжаттарда көрсетілген қауіпсіздік талаптары сақталуы тиіс.*

6.2 Сорғылар дайындау және құрастыру кезінде қауіпсіз көтеру мен тасымалдауды қамтамасыз ететін арнайы құрылғылармен (ілмектерге арналған бекіткіштер) жабдықталуы тиіс.

6.3 Сорғының жинақтаушы бөлшектерінің құрылысы оларға еркін жақындауды қамтамасыз ету мүмкіндігін, құрастыру, пайдалану мен жөндеу кезінде қауіпсіздікті көздеуі тиіс.

6.4 Оператордың жұмыс аймағында орналасқан айналатын бөлшектер қызмет көрсету қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоршаумен қоршалуы тиіс.

6.5 Сорғы жұмыс істеп тұрған уақытта құбырларды жалғастыру мен ажыратуға, сондай-ақ бұрандалық қосылыстарды тартып бұрауға тыйым салынады.

6.6 *Сынақтар мен жөндеу жұмыстары жүргізілетін орындарда ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 және* [3] талаптарына сәйкес *«Назар аударыңыз. Қауіпті»* деген түсіндірме жазбамен қоса *«Сынақ жүргізіліп жатыр» ескерту белгілері орнатылуы, сондай-ақ қауіпсіздік жөніндегі нұсқаулар мен ережелер ілінуі тиіс.*

6.7 *Сорғыларға техникалық қызмет көрсету, сынау және жөндеу жұмыстарына:*

а) *ГОСТ 12.0.004 пен ГОСТ 12.0.230* бойынша *арнайы нұсқаудан, қауіпсіз еңбек әдістеріне оқудан өткен;*

б) *қолданыстағы заңнамаға сәйкес медициналық тексеруден өткен;*

в) құрылғыны және сорғыны пайдалану ережесін оқып-үйренген тұлғалар жіберіледі.

7 Қоршаған ортаны қорғау талаптары

7.1 Сорғыны сақтау, тасымалдау мен пайдалану уақытында майлау (консервациялық) материалдарының ағуына жол берілмейді.

7.2 *Майлау (консервациялау) материалдары мотопомпаны пайдалануға енгізгенге дейін жойылуы тиіс.*

8 Қабылдау ережелері

8.1 Сорғыларға:

а) *қабылдау;*

б) қабылдау-тапсыру;

в) кезеңдік;

г) типтік;

д) сенімділік;

е) *сертификаттау сынақтары жүргізіледі.*

8.2 *Сорғыларды қабылдау сынақтары тәжірибелік топ үлгілеріне жүргізіледі. Қабылдау сынақтарының көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім өндірушімен келіседі.*

8.3 Қабылдау-тапсыру сынақтарын нақты типтегі сорғының тұтынушыға (тапсырыс берушіге) жіберуге жарамдылығы туралы шешім қабылдау мақсатымен дайындаушы жүргізеді.

8.4 Кезеңдік сынақтар техникалық процестің тұрақтылығын және өнім сапасын бақылау мақсатымен қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен нақты типтегі сорғыларға кемінде жылына бір рет жүргізіледі.

Сынаққа әрбір типтік өлшемдегі өрт сөндіру гидрантының кемінде екі үлгісі алынады.

8.5 Типтік сынақтар мотопомпалардың құрылысына немесе дайындау технологиясына жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін негізгі параметрлерге әсер етуге қабілетті өзгерістер енгізу кезінде жүргізіледі.

Типтік сынақтардың көлемі мен жүргізу әдістемесін дайындаушы әзірлейді және өнім әзірлеушімен келіседі.

8.6 Сенімділікке сынауды дайындаушы үш жылда бір рет жүргізеді.

Сынаққа қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен сорғылардың әрбір типінен кемінде екі данасы алынады, оның бірі үш жыл консервациядан кейін, ал екіншісі ағымдағы шығарылудан алынады.

8.7 *Сорғыларға сертификаттау сынақтары олардың осы стандарттың,* [4] *талаптарына, сондай-ақ нақты типтегі сорғыларға берілген пайдалану құжаттарына сәйкестігін анықтау мақсатымен жүргізіледі.*

Сорғыларға сертификаттау сынағын жүргізу тәртібі [5] *талаптарына сәйкес болуы тиіс.*

Сертификаттау сынақтарына дайындаушының кәсіпорнында қабылдау-тапсыру сынақтарынан өткен сорғы (сорғылар) алынады.

8.8 Сорғыларды қабылдау-тапсыру, кезеңдік және сертификаттау сынақтарын жүргізу көлемі *Б қосымшасындағы Б.1 кестеге сәйкес қабылданады.*

8.9 Сорғыларды бақылап сынаудың басқа түрлерін ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы мен әзірлеуші бірігіп әзірлеген бағдарлама бойынша дайындаушы жүргізеді.

8.10 Сынақтың қандай да бір түрі бойынша кері нәтижелер алынған жағдайда сыналатын үлгілердің саны екі еселенеді және сынақ толық көлемде жүргізіледі.

Кері нәтижелер қайталанса, себептері анықталып, ақаулар жойылғанға дейін сынақты одан әрі жүргізу тоқтатылады.

Қайталап жүргізілген сынақтардың нәтижелері түпкілікті болып табылады және сыналатын өнімнің барлығына таралады.

9 Сынау әдістері

9.1 *Сынақ шарттары*

9.1.1 *Сынақтар, егер өнімнің нақты түріне берілген пайдалану құжаттамасында ерекше жағдайлар көрсетілмесе, ГОСТ 15150–69 (3.15 - тармақты қараңыз) сәйкес қалыпты ауа-райлық жағдайларда жүргізіледі.*

9.1.2 *Сынауға арналған үлгілерді іріктеп алу «Сәйкестікті растау рәсімдері» техникалық регламентін бекіту туралы» және ГОСТ 18321 талаптарына сәйкес жүргізіледі.*

9.1.3 *Пайдалану құжаттамасында көзделмесе, сорғыларды қосымша дайындауға жол берілмейді.*

9.1.4 *Жүргізілген сынақтардың нәтижелері деп нақты типтегі сорғының әрбір көрсеткішінің кемінде үш өлшеуінің орташа арифметикалық мәні қабылданады.*

9.2 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы*

9.2.1 *Сынақ жүргізу кезінде қолданылатын өлшеу құралдарының ҚР СТ 2.21 сәйкес осы типтің бекітілгені туралы немесе ҚР СТ 2.30 сәйкес метрологиялық аттестатталғаны туралы сертификатының болуы, ҚР СТ 2.4 сәйкес Қазақстан Ресбуликасының Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізілімінде тіркелуі тиіс.*

9.2.2 *Нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін сынақ жабдығы ҚР СТ 2.75. сәйкес аттестатталуы тиіс.*

9.2.3 *Сынақтар жүргізу үшін осы стандартта берілмеген, 9.2.1 және 9.2.2 талаптарына сәйкес келетін, ұқсас метрологиялық сипаттары бар және нормаланған сыртқы әсер ету факторларын қалыптастыратын және (немесе) жүктеме беретін өлшеу құралдарын пайдалануға жол беріледі.*

9.3 Сынақ жүргізу

9.3.1 Сорғының салмағын анықтау сынақтары

9.3.1.1 *Өлшеу құралдары*

Сорғыға сынақ жүргізу үшін өлшеу шегі кемінде 200 кг және негізгі ауытқушылық шегі ± 1 кг таразы қолданылады.

9.3.1.2 *Сынақ жүргізу*

Сорғының салмағын анықтау сынақтары тарзыда өлшеумен жүргізіледі.

9.3.1.3 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері нақты типтегі сорғыға берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген мәндерге сәйкес болса, сорғы сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.2 Габариттік және қосылыс өлшемдерін анықтау сынақтары

9.3.2.1 *Өлшеу құралдары*

а) ГОСТ 166 бойынша штангенциркуль, өлшеу ауытқушылығы ± 0,05 мм.

б) *ГОСТ 427 бойынша өлшегіш металл сызғыш,* өлшеу ауытқушылығы ± 1 мм.

9.3.2.2 *Сынақ жүргізу*

Сорғының габариттік өлшемдері ГОСТ 427 бойынша металл сызғышпен өлшенеді.

Сорғыш және арынды келте құбырлардың ішкі шартты диаметрін, сондай-ақ сорғының сорғыш келте құбырына орнатылған сүзгінің тесіктерін (ұяшықтарын) өлшеу ГОСТ 166 бойынша штангенциркульмен жүргізіледі.

9.3.2.3 *Сынақ қорытындылары*

Сорғы сынақтан өтті деп есептеледі, егер сынақ нәтижелері:

а) *габариттік өлшемдердің – нақты типтегі сорғыға берілген пайдалану құжаттамасында белгіленген мәндерге сәйкес болса;*

б) *сорғының сорғыш және арынды келте құбырларының ішкі шартты диаметрі 5.1.2 (1 кесте, 11 және 12 параметрлері талаптарына сәйкес болса;*

в) *сорғының сорғыш келте құбырына орнатылған сүзгінің тесіктерінің (ұяшықтарының) өлшемі 5.2.6.талаптарына сәйкес болса.*

9.3.3 Сорғының сипаттамасын анықтау сынақтары

9.3.3.1 Сорғының сипаттамасын анықтау сынақтарын жүргізу үшін *ГОСТ 6134 бойынша өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы пайдаланылады.*

9.3.3.2 *Сынақ жүргізу*

Сорғының арындық, энергетикалық және кавитациялық сипаттамалары ГОСТ 6134 талаптарына сәйкес анықталады, бұл ретте кавитациялық сипаттама сорғының номиналды беруі мен номиналды айналу жиілігінде анықталады.

Сынақ қорытындылары

9.3.3.3 *Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 (1 кесте, 3-5 параметрлері), 5.1.3 (2 кесте, 4-8 параметрлері) талаптарына сәйкес болса, сорғы сынақтан өтті деп есептеледі.*

9.3.4 Номиналды режим көрсеткіштерін анықтау сынақтары

9.3.4.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *қалыпты қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 1,6 МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады;*

б) *жоғары қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 6,0 МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады;*

в) *ГОСТ 28723бойынша шығынөлшегіш, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 л/мин;*

г) *ГОСТ 13646 бойынша термометр, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

д) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1сағ;*

е) *ГОСТ 427бойынша өлшегіш металл сызғыш,* өлшеу ауытқушылығы ± 1 мм;

ж) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша.

Сорғының номиналды беруін, номиналды арынды өлшеудегі ауытқушылық ГОСТ 6134 талаптарына сәйкес қабылданады.

Номиналды және максималды геометриялық сору биіктігі ± 0,1 м артпайтын ауытқушылықпен анықталады.

9.3.4.2 *Сынаққа дайындық*

Сорғы жұмысшы күйге келтіріледі.

Сорғыш желі, өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы В қосымшасындағы В.1-суретке сәйкес схема бойынша қосылады.

Ескертпе – Сынақты сорғыға орнатылған бекіткіш-реттегіш шегенді қолдануы жүргізуге жол беріледі.

9.3.4.3 *Сынақ жүргізу*

Сынақ ГОСТ 6134 талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Сорғының жетекті қозғалтқышын қосады және толтыру жүйесінің көмегімен су алуды жүзеге асырады.

Су алуды арнайы ашық сұйыққоймадан немесе табиғи су көзінен (суайдыннан) жүзеге асырады, бұл ретте су деңгейінің ауытқуы 100 мм аспауы тиіс.

Сорғының номиналды режимінің көрсеткіші В қосымшасының В.2-суретінде берілген графикке сәйкес ортадан тепкіш сорғының номиналды айналу жылдамдығы кезінде номиналды және максималды геометриялық сору биіктіктерімен анықталады.

Өрт сөндіру машинасының арнайы бөлігіне орнатылған сорғыны сынау кезінде сынақ номиналды геометриялық сору биіктігі жағдайында жүргізіледі, бұл ретте сорғыға түсетін жердегі қысым сорғының құрылысы көздеген орындарда өлшенеді.

Номиналды режим көрсеткіштерін анықтау кезінде өлшеу жүргізілетін су берудің саны түгел ауқым бойынша біркелкі бөлу кезінде кемінде 10 болуы тиіс.

Әрбір нүктеде өлшенеді және белгіленеді:

а) сорғыға түсетін жердегі қысым;

б) сорғыдан шығатын жердегі қысым;

в) номиналды айналу жиілігі, айн/мин;

Көрсеткіш мәндерін нөлдік су беруден бастап сорғыдан шығатын жердегі қысым 0,3 МПа кем болатын мәнге дейін су беруді біртіндеп арттырумен анықтайды, содан кейін қозғалтқышты ажырату үшін су беруді нөлдік мәнге дейін азайтады.

Номиналды геометриялық сору биіктігімен сынақ жүргізу кезінде сорғының номиналды режимдегі жұмысының параметрлерінің мәні анықталады:

а) сорғының номиналды беруі, л/мин;

б) номиналды арын, м;

в) номиналды геометриялық сору биіктігі, м.

Сорғыны максималды геометриялық сору биіктігімен сынау кезінде сорғының номиналды арынмен беруі анықталады.

9.3.4.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер:

а) барлық сынақ режимдерінде сорғының қабырғалары мен қосылыстары арқылы тамшылардың пайда болуы және ағуы болмаса (дренаждық тесіктен ағуды қоспағанда);

б) сынақ *нәтижелері 5.1.2 (кесте 1, параметрлер 1, 2 және 10), 5.1.3 (кесте 2, параметрлер 1, 2, 3 және 13) және 5.2.15. талаптарына сәйкес болса, сорғы сынақтан өтті деп есептеледі.*

9.3.5 Сорғыны максималды геометриялық сору биіктігінен толтыру уақытын анықтау сынақтары

9.3.5.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) *қалыпты қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 1,6,МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады;*

б) *жоғары қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 6,0,МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады*

в) *ҚР СТ 1718 бойынша қолмен өрт сөндіру оқпаны;*

г) *ГОСТ 28723бойынша шығынөлшегіш, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 л/мин;*

д) *ГОСТ 13646 бойынша термометр, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

е) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1сағ;*

ж) *ГОСТ 427бойынша өлшегіш металл сызғыш,* өлшеу ауытқушылығы ± 1 мм;

и) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша.

Максималды геометриялық сору биіктігін ± 0,1 м артпайтын ауытқушылықпен анықтайды.

9.3.5.2 *Сынаққа дайындық*

Сорғыны сынау ГОСТ 6134 талаптарына сәйкес келетін арнайы стендте немесе өрт сөндіру машинасының құрамында жүргізіледі, бұл ретте сорғының вакуумдық толтыру жүйесі болуы тиіс.

Сорғы жұмысшы күйге келтіріледі.

Сорғыш желі, өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы В қосымшасындағы В.1-суретке сәйкес схема бойынша қосылады.

Нақты типтегі сорғыға берілген пайдалану құжаттамасына сәйкес максималды геометриялық сору биіктігі орнатылады.

9.3.5.3 *Сынақ жүргізу*

Сорғының жетекті қозғалтқышы қосылады, толтыру жүйесінің көмегімен су алу жүзеге асырылады.

Су алуды арнайы ашық сұйыққоймадан немесе табиғи су көзінен (суайдыннан) жүзеге асырады, бұл ретте су деңгейінің ауытқуы 100 мм аспауы тиіс.

Сору жүйесін және сорғыны сумен толтыру уақыты белгіленеді.

Уақытты есептеу толтыру жүйесін қосумен бір мезгілде басталуы тиіс. Қолмен немесе жартылай автоматты түрде басқарылатын вауумды жүйе үшін сорғыны сумен толтыру уақыты деп вакуумды жүйені іске қосу сәтінен бастап вакуумдық бекіткіш окулярында су пайда болғанға дейінгі немесе толтыру датчигінің сигналына және вакуумдық сорғының автоматты түрде ажыратылуына дейінгі уақыт саналады.

Автоматты түрде басқарылатын вауумды жүйе үшін сорғыны сумен толтыру уақыты деп вакуумды жүйені іске қосу сәтінен бастап арынды коллекторда тұрақты қысым пайда болғанға немесе *ҚР СТ 1718 бойынша* арынды келте құбырға ұзындығы 2 м дейін құбырмен қосылған қол оқпанынан су аққанға дейінгі уақыт саналады.

Автоматты толтыру жүйесі болған жағдайда сорғыны автоматты түрде сумен толтыру жүйесінің жұмыс қабілеттілігін сорғыш желідегі су бағанының кемінде 10 рет бірінен соң бірі тоқтаусыз үзілуі кезінде анықтайтын қосымша сынақтар жүргізу қажет.

Ескертпе – Көрсету және қабылдау-тапсыру сынақтарын жүргізу аясында автоматты түрде су толтыру жүйесінің жұмыс қабілеттілігін анықтау сынақтарын жүргізу кезінде геометриялық сору биіктігі регламенттелмейді.

9.3.5.4 *Сынақ қорытындылары*

Егер сынақ нәтижелері 5.1.2 кесте 1, параметр 9), 5.1.3 (кесте 2, параметр 12 талаптарына сәйкес болса, сорғы сынақтан өтті деп есептеледі.

9.3.6 Сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысымның әсеріне сорғының беріктігін және саңылаусыздығын анықтау сынақтары

9.3.6.1 *Өлшеу құралдары мен сынақ жабдығы:*

а) сыналатын сорғының қуысында статикалық сынау қысымын қалыптастыруға арналған сорғы;

б) *қалыпты қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 1,6,МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады;*

в) *жоғары қысымдағы сорғыны сынау үшін ГОСТ 2405 бойынша өлшеу ауқымы 0 ден 6,0,МПа дейін және дәлдік класы 0,4 манометрлер (мановакуумметрлер) қолданылады;*

г) *ГОСТ 28723бойынша шығынөлшегіш, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 л/мин;*

д) *ГОСТ 13646 бойынша термометр, негізгі ауытқушылық шегі ± 1 °С;*

е) *секундөлшегіш, өлшеу ауытқушылығы 1 с, 1сағ;*

ж) *сынау ортасы: су,* ГОСТ 2874 бойынша.

9.3.6.2 *Сынаққа дайындық*

Сыналатын сорғының сорғыш келте құбырына статикалық сынау қысымын қалыптастыруға арналған басқа сорғы жалғастырылады.

Сыналатын сорғы сумен толтырылып, оның қуысындағы ауа шығарылады, бұл ретте бекіткіш-реттегіш шегендердің барлығы (шұра, шүмек, бекіткіш) жабылады.

9.3.6.3 *Сынақ жүргізу*

Сорғының көмегімен сорғыш келте құбыр арқылы сыналатын сорғының жұмысшы қуысында сорғыға түсетін жердегі максималды жұмысшы қысымға сәйкес, (0,6 ± 0,5) МПа тең статикалық сынау қысымы қалыптастырылады, бұл ретте сыналатын сорғының роторы айналмауы тиіс.

Статикалық сынау қысымы сыналатын сорғының сорғыш келте құбырына орнатылған манометрдің (мановакуумметрдің) көмегімен анықталады.

Сыналатын сорғының сорғыш қуысындағы қысым баяулап сынау қысымына дейін жеткізіледі және кемінде (300 ± 5) с ұсталып тұрады.

